

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QXOK9501>***С. Ж. Ереалиева¹, Е. Б. Асанбаева², Қ. С. Ереалиев³**^{1,2}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³Ә. Марғұлан атындағы

Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: samall7.12@mail.ru

ИНТЕРНЕТ-ТҮСІНДІРМЕЛЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІН КӨРСЕТУДЕ МИФОЛОГЕМАЛАРДЫҢ РӨЛІ

Мақалада виртуалды кеңістікте орналастырылған қазақстандық интернет-түсіндірмелердің ұлттық ерекшелігін көрсететін лингвомәдени бірліктердің бірі – мифологемалар талдауға түседі. Мифологема дегеніміз – мифтерде, аңыздарда немесе діни мәтіндерде қолданылатын мифологиялық бейнелер, мотивтер, мифология элементтері. Бүгінгі күні виртуалды кеңістіктегі тіл тасымалдаушыларының жазбаларында мифологема-мәтін, мифологема-мәлімдеме және мифологема-антропоним сынды мифологема түрлерінің жиі ұшырасуы дәстүрге айналған құбылыс болып табылады, яғни қарапайым интернет-коммуниканттар қандай да бір мақалаға пікір білдіргенде көбіне-көп көпшілікке танымал тарихи аңыз-әңгімелерді, прецедентті есімдердің (тарихи тұлғалардың, мәдениет және қоғам қайраткерлерінің) сөздерін, туындыларын т.б. пайдаланады. Бұл олардың дүниетанымдарын, аялық білім деңгейлерін көрсетумен қатар, ұлттың тарихынан, әдеби-мәдени өмірінен де ақпарат береді.

Зерттеу мақсаты – қазіргі тіл біліміндегі миф жайлы қалыптасқан ұғым-түсініктерді сипаттап, интернет-түсіндірмелердің ұлттық ерекшелігін танытатын мифологемаларды зерделеу. Жұмысты жазу барысында сипаттау, баяндау, лингвомәдени талдау әдіс-тәсілдері қолданылады. Олар белгілі бір халық мәдениетінде кең таралған мифологиялық сюжеттердің, бейнелердің мән-мағынасын ашып, өзіндік ерекшелігін айқындауға, атқаратын қызметін саралауға мүмкіндік тудырады. Зерттеу нәтижесінде «мифологиялық дискурс әлемнің ұлттық бейнесіне негізделген идеяларды қарастырады, қазақстандық

виртуалды тілдік тұлғаның мәтін сөзжасамын қалыптастырады» деген тұжырым шығарылады.

Кілтті сөздер: мифологема, мифологема-мәтін, мифологема-мәлімдеме, интернет-түсіндірме, әлем бейнесі, прецеденттік феномен.

Кіріспе

Бүгінгі күнгі мәдениет көбінесе мифологиялық мотивтер мен бейнелерге жүгінеді, оларды жаңа әрі қызықты әңгімелер құрастыруда пайдаланады. Жақсылық пен зұлымдық арасындағы шайқас, батырлардың ерлігі немесе билік үшін мәңгілік күрес сынды мифологиялық тақырыптар қазіргі заманғы жазбаларда жиі ұшырасады. Бұлар оқырмандарды баурап қана қоймай, шабыт та тудыратыны белгілі. Жазушылар мен публицистер аталған мифтерді өздерінің өмірлік тәжірибелері мен шынайы әлем туралы дүниетанымдарына сүйене отыра қолданады, өзгертеді. Әлбетте, онда әлем бейнесі маңызды рөл атқарады. Әлем бейнесі ұғымы адамның әлем жайлы түсініктерін зерттеу негізінде қалыптасады. Адам кейде оның шекарасынан асып кеткенін де байқамай қалады [1, 49-б.].

М. Хайдеггердің түсінігінше, «әлем бейнесі – әлемді танытатын бейне емес, бейне ретінде танылған әлем» [2, 103-б.]. Әлем бейнесі тілдік тұлғаның әлеуметтену процесі барысында дамығандықтан, онда ұлттық-мәдени із көрініс табады [3, 17-б.]. Әлем бейнесі кеңістіктік, уақыттық, сандық, ұлттық және басқа да параметрлермен беріледі [1, 50–51-бб.].

Әлем бейнесінің фрагменттерін модернизациялауда құндылық негізгі аспектілердің бірі болып табылады. Белгілі бір коммуникативтік кеңістік қатысушыларының құндылық қатынастарын зерттеу әлемнің дискурсивті бейнесінің құндылық бөлігін таңдауға мүмкіндік береді.

Әлемнің дискурсивті бейнесі жалпы мәдени құндылықтарға да, виртуалды қоғамдастыққа да негізделген осы қауымдастықтың құндылық қатынастарын көрсетеді. Кез келген лингвомәдени топқа тән құндылықтар болатыны белгілі. Олардың әрқайсысы құндылықтар иерархиясымен сипатталады. Мәдениеттің құндылықтар жүйесі оның өзгергіштігін анықтайды. Бұл лингвомәдени қоғамдастықтың ерекшеліктеріне, халықтың рухани тәжірибесіне, адамның жеке темпераментіне және т.б. байланысты құндылық басымдықтары тұрғысынан айырмашылықтармен айқындалады [4, 89-б.]; [5].

Заманауи, сондай-ақ архаикалық мәдениеттің де әлем бейнесінде мифтің – «ақиқаттың өзіндік құбылысы болып саналатын, сезімдік-визуалды бейнелерді білдіретін шындықтың біртұтас түсіндірме түрі» [6, 634-б.] – алар орны зор. Миф – алғашқы қауымдық құрылыста өмір сүрген не қазіргі мегаполисте тұратын адамның семантикалық және символдық шындығы [7, 158–159-бб.]. Адамзат пайда болғаннан бастап адамдар миф арқылы әлем

бейнесін модельдеуге, өз дүниетаным тәжірибесін жалпылауға, бейтаныс құбылыстарды түсіндіруге талпыныс жасауда. Әлемнің мифологиялық бейнесін құрастырудың басты белгісі – «адамның өзін қоршаған ортадан ажыратпауы». Бұл табиғаттың даралануына, шынайы-сезімталдық бейнелер арқылы дерексіз ұғымдарды білдіруге әкеледі. Ежелгі қоғамдағы миф дәлелдерді қажет етпейтін шындыққа айналуға [8, 34–35–66].

Әлемнің мифологиялық бейнесі сакралды түсініктерді бойына жинақтайды және оның рухани-адамгершілік аксиомалары (догмалары) болып есептеледі. Т. В. Борисенконың пайымынша, «мифологиялық сана тұрғысынан әлемнің мифологиялық бейнесіне енгізілген білім күмән тудырмауы әрі шындық ретінде қабылдануы тиіс» [9, 39–6.].

Қазіргі кездегі зерттеушілердің көпшілігі дискурстағы мифті қандай да бір авторға қатысы жоқ және шындық ретінде қабылданатын жалпы сананың белгілі бір стереотиптері тұрғысынан қарастырады.

Е. И. Шейгалдың тұжырымынша, мифтің тілдік көрінісі прецеденттік құбылыстың қасиетіне ие [10, 54–6.]. Бұл аспектіде мифологемалар төмендегідей белгілермен ерекшеленеді:

- лингвомәдени қоғамдастықтың барлық өкілдеріне мәлім және жеке сипатқа ие болады;
- танымдық және эмоционалдық тұрғыдан өзекті, ұлттық ерекшеліктерге ие болады;
- оларды пайдалану мәдени топ өкілдерінің тілінде жаңа қолданыстар туғызады және бұл арнайы тарқатуды қажет етпейді;
- мифологемалар белгілі бір лингвомәдени қоғамдастық үшін құнды болып табылады.

Демек, әрбір лингвомәдени қоғамдастықтағы мифологемалар корпусының ұлттық бояуы болады және ол ұлттық сипатты бейнелейді. Бұл қасиет ұлттық көзқарасқа негізделген мифтерде көрініс табады.

Зерттеу нысаны: интернет-түсіндірмелерде қолданылған мифологемалар.

Мақсаты – жалпы тіл білімінде миф туралы қалыптасқан ұғым-түсініктерді саралап, интернет-түсіндірмелердің ұлттық ерекшелігін көрсететін мифологемаларды зерделеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу барысында мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- ғылыми еңбектерде мифологема жайлы қалыптасқан ой-тұжырымдарға шолу жасау;
- интернет-түсіндірмелерде көрініс табатын белгілі бір халық мәдениетінде кең таралған мифологиялық сюжеттерді, бейнелерді, яғни мифологемаларды жинақтап, мән-мағынасын ашып талдау, ерекшеліктерін айқындап, атқаратын қызметін саралау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде миф, мифологема жайлы баспа бетін көрген ғалымдардың ғылыми еңбектері алынды. Жұмыс барысында алға қойылған мақсат-міндеттерге орай жинақтау, сипаттау, баяндау әдіс-тәсілдері қолданылды. Мифологемалардың түрлерін, өзіндік ерекшелігін ашуда лингвомәдени талдау әдісі пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстандық желі қолданушылардың дискурсивті қызметі, негізінен, орыс және қазақ тілдерін жетік меңгерген, екі мәдени адресатқа, көстілді оқырмандарға бағытталады. Әр этностың мәдени жадысы мифологемалардың сан алуан түрлерінен тұрады, сондықтан қазақстандық желі қолданушылардың дискурсында екі мәдениеттің де ақпараты кездеседі. Бұл, сөз жоқ, өз кезегінде мәтінді байытатыны анық. «Мифология мәдени белгі ретінде тілдік тұлғаның коммуникативтік нұсқаулары мен мотивтерін жүзеге асырушы нысан, өмірлік және кәсіби тәжірибесінің байлығын, әлемдік және отандық мәдени мұрамен танысу нәтижесінде пайда болған білім қорын жеткізуші болып табылады» [11, 68-б.]. Қазақстандық желі қолданушылардың тілінің мифологиялығы, ең алдымен, көпшілікке әсер етуге, адресаттар санасында басым позицияны алатын мазмұнның маңызды мәнін аудиторияның жадында қалдыруға бағытталумен сипатталады.

Е. И. Шейгалдың еңбегін негізге алған В.И. Жұмағұлова дискурстағы көпшілік алдында сөйлеген мәтіндер мен естеліктердің берілуін қарастырады. Бұл зерттеушіге прецеденттік феномендермен байланысты мифологемалардың мифологема-мәтін, мифологема-мәлімдеме және мифологема-антропоним сынды үш түрін анықтауға мүмкіндік туғызады:

1) мифологеманың алғашқы түрі – «мифологема-мәтін миф-әңгімеге, аңыз элементтері бар сюжеттік баяндауға сәйкес келеді. Миф-әңгімелер қазақстандық саясаткерлердің көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде кеңінен пайдаланылады. Ол қазақ халқының танымал тұлғаларының есімдерін қолданудан көрінеді. Мысалы, Мы знаем имена трех великих сынов народа, трех славных мудрецов – Толе би, сына Алибека, Казыбека би, сына Келдибека, и Айтеке би, сына Байбека. Они стали для казахов непреходящим символом единства, их страстные речи овладели умами потомков как изречения священных книг...» [11, 68-б.].

Байқағанымыздай, аңызға айналған тарихи тұлғалар туралы мұндай мифтер қоғамның бірлігін сақтауға әсер етеді, «қазақстандық қоғамда қабылданған әлеуметтік және мәдени мінез-құлық парадигмасын құрылымдай отырып, ұлттық мәдениеттің семантикалық бағдарларын белгілейді».

2) мифологеманың екінші түрі – «миф-болжамды қамтитын мифологема-мәлімдеме жалған немесе теріске шығарылмайтын пікірді білдіретін

пайымдау болып табылады. Мұндай мифологемалар көпшілік алдында сөйлеген сөздер, жолдаулар, естеліктер, ұрандар, сұхбаттар сынды түрлі коммуникация жанрларында жүзеге асырылады». Мысалы, «Национальное согласие – основа стабильности и развития Казахстана» [11, 68-б.].

Қазақстандық желі қолданушылардың дискурсындағы мифологема-мәлімдемелер топтық субъектінің (президенттік институттың, сыртқы ведомствоның және түрлі партиялардың) сөйлеген сөздері ретінде әрекет етеді. Мифологема-мәлімдемелердің айрықша белгілері – «миф-болжамның семантикалық құрылымындағы идеологиялық коннотацияның болуы. Ол дискурстың құндылық доминанттары, қазақстандық қоғамдағы оқиғалардың заңдылықтарын түсіндіруді қамтитын басты тұжырымдардың анықтамалары ретіндегі идеологема» болып табылады [11, 70-б.].

3) «мифологема-антропонимнің ассоциативтік өрісіне идеализацияланған немесе демонизацияланған желі қолданушылардың мифтік бейнесі кіреді. Қазақстандық желі қолданушылардың сөйлеу тәжірибесіндегі мифтер, негізінен, ұлттық-мәдени дәстүрмен және ұлттық құндылықтармен айқындалатын «кейіпкердің» бейнесін береді. Мұндай мифологемалар өткенге бағытталады» [11, 71-б.].

Осылайша, әлеумет пен қазіргі желі қолданушылардың тұлғасының арақатынасынан пайда болған стереотип сөйлеушінің аялық білім деңгейіне негізделеді.

Базалық мифологемалар қатарына кілтті сөздермен ұсынылған белгілі бір мәселелерге қатысты ұлттық символдар жатады. Олар мәтінді жасаушының сезімі мен ойын білдіретін ұлттық бағалауды көрсету үшін қызмет етеді. Оның мәтіндерінде желі қолданушылардың тілдік тұлғасындағы құндылық ұстанымдардың әлеуеті көрініс табады. Ол тіл фактілерінің қайта құрылуы мен көзқарасынан аңғарылады. «Құндылық адамның сыртқы және ішкі әлемді қабылдау нормаларын көрсететін мәдени «айна» іспетті. Бағалау адами категория ретінде әрекет етеді, өйткені тіл әлемді танудың құралы ғана емес, сонымен бірге осы әлем туралы объективті-субъективті аксиологиялық ақпаратты жеткізуші» болып табылады [11, 69-б.]. Бағалау нормасы адамның қоғамдағы қызмет саласына байланысты болады және қалыптасқан стереотиптер мен ұстанымдарға (жақсы / жаман координаттарда) сәйкес анықталады. Мәселен, мифологемалардың аксиологиялық бағдарлануының негізі мәтіндерде, оның ішінде интернет-түсіндірмелерде айқын көрінетін қазақстандық желі қолданушылардың тілдік тұлғасының ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтары болып табылады.

Мақалаларға білдірілген интернет-түсіндірмелерде ертегілерге, аңыздарға сілтемелер жасалғандығын жиі кездестіреміз. Ендеше, осындай түсіндірмелерді қарастыралық (талдауға түскен интернет-түсіндірмелерде

орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық тұрғыдан жіберілген қателер сақталды – авторлар).

Гость Альнур

«Ия дұрыс айтасыз, Бергей жерлесімізге ҰЛТ БАТЫРЫ атағын беру керек, еліміздегі шіріген жүйені жалғыз өзі мировой масштабта шайқалтты, енді ол азамат елге **Махамбетше айтқанда «ақырып теңдік сұрайды»** деп сенеміз» [12]. Комментатор осы жағдайға «Бергей Рысқалиев пен Макс Боқаев АҚШ мемлекеттік департаментінің есебіне ілікті» деп XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, ақын, 1836–1838 жылдар аралығында Бөкей ордасындағы халық-азаттық көтерілістің қолбасшысы, Исатай Таймановтың досы әрі серігі Махамбет Өтемісовтің өлең жолдарымен өз пікірін білдіреді. Анығырақ айтқанда, **Гость Альнур** «Бағаналы терек» өлеңінің соңғы жолына сілтеме жасайды:

«Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың кегін қусайшы.
Артымыздан біздердің,

Ақырып теңдік сұрарға» [13].

Өлеңнің әрбір сөзінен, әрбір буыны мен бунағынан, әрбір тармағы мен шумағынан ұлттық рух пен патриоттық сезім, қайсар күш пен жігер лебі еседі. Одан халықтың кегін алып, жоғын жоқтайтын, теңдікке жетелеп, жарқын болашаққа жеткізетін ұлды армандағанын аңғаруға болады. Ал туындыға сілтеме жасаған **Гость Альнур**дың жазбасы қазақ халқының патриоттық рухын көтеруге арналған шақыру, ұран және сипатталған жағдайда шешуші әрекеттерге қадам жасауға негіз болатын күш іспетті. Демек, түсіндірмешінің (комментатордың) халық тарихы мен санасында аңызға айналған қолбасшының шығармасына сілтеме жасауы бекерден бекер емес.

Гость

«Неге халықтың көңілінен шыққан асыл азамат далада қаңғып жүруі тиіс, естимісің Керең Билік!!!! Қайтар Бергейді Атырауға!!!! Бергей тегін адам емес, халықтың ұлы, арқалы ұл!!!! Ол қап ішінде жатқан Қанжар Қылыш! Жарып шығады. **Махамбеттің мұрагері** бүгіннің Батыры! Алға, ақ көкем!» [12]. Түсіндірмеші жазбасында Гость Альнурдан кейін Махамбет Өтемісовтің есімі екінші мәрте аталады. Онда мақаланың басқа оқырмандары секілді Атырау облысының экс-әкімін билікке қайта қайтару талап етіледі. **Гость** деген түсіндірмешінің эмоционалды сөзі ұлттық рух пен патриоттық сезімге толы. Ол туған өлкесінің тағдырына қол қусырып отырмайтындығын аңғартады. Осылайша, мифологеманы, яғни қазақ халқының символы болып табылатын халық қаһарманының прецеденттік есімін қолдана отыра ұлттық колоритті береді. Аңызға айналған тарихи тұлғалар туралы осындай мифтер

халықты жұмылдырып, ынтымағы ұйыған, бірлігі жарасқан ел болуға, ұлттық мәдениеттің аксиологиялық бағдарларын белгілеуге, қазақстандық қоғамда қабылданған әлеуметтік және мәдени мінез-құлық моделін жүйелеуге өзіндік үлес қосады.

Местный Гость

«Айналайын, арда ұлым! Бергей балам! Жарадың! **«Қараңғы қазақ төріне, Өрмелеп шығып күн болдың»**. Сәттілік тілейміз, біз қолдаймыз!» [12]. Байқағанымыздай, аталған интернет-түсіндірменің авторы өзінің көзқарасын қазақтың біртуар ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров поэзиясынан үзінді келтіру арқылы жеткізеді. Жазбада «Шәкірт ойы» өлеңінің алғашқы жолы өзгеріссіз қолданылған:

«Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелеп шығып, күн болам!

Қараңғылықтың көгіне,

Күн болмағанда, кім болам?» [14].

Местный Гость деген лақап атты түсіндірмеші де Атырау облысының экс-әкімін жақтайтынын жеткізеді және оның абырой мен беделін асқақтату үшін сөзінде ақынның өлең жолдарын пайдаланады. Интернет-түсіндірмеде экс-әкім санасы уланған қазақ халқына көмек қолын беретін күнге теңелген. Яғни комментатор мифологема (біздің жағдайда аталған лингвомәдениеттің құндылығы) болып есептелетін прецеденттік тұлғаның сөздерін ойын білдіруде қолданады. Өйткені Сұлтанмахмұт Торайғыров Отанға деген риясыз махаббат идеяларын ұсынған қазақ әдебиетінің танымал перзенті, демократтық көзқарастағы ақын болып табылады.

Гость

«Америка өзі мойындады Қазақстанның сот жүйесі былыққа батқанын. Қандай күлкілі. Тәуелсіздігімізге көлеңке түсті. Биліктің жемқоларының жаңғыры дүние жүзіне тарады. Коррупциядан #1 орын алады Қазақстан. Масқара елміз... өкінішті. Кешегі қара қылды қақ жарған ата бабаның дала заңы, **Тәуке ханның Жеті Жарғысы, Есім ханның ескі жолын**, Қасым ханның қасқа жолын қалайша батпаққа батырып, ғасырларға өтелмес жаза алдық» [12]. **Гость** атты автор Атырау облысының экс-әкімі туралы оқиғаны ашып көрсетеді. Ол ассоциативтік тактикасын қолдана отыра басқа коммуниканттар секілді әкімді қолдауды жалғастырады. Өзінің мифологиялық жазбасында әлеуметтік жағдайды қазақ қоғамы үшін сакралды болып табылатын және рухани-адамгершілік аксиомалары (догмалары) бар тарихи фактілермен байланыстырады. «Мемлекет пен құқықтық тәртіпті нығайту үшін онда би мен би соты төрелігінің рөлдері көтерілген. Қазақ халқы үлкендерге қарсы келмеген және аталған заңдарға бағынған. Заңдар мемлекетті ішкі және сыртқы жағынан сақтағаны анық. XVI–XVIII

ғасырлардағы қазақ хандығының дәуірі, яғни Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» бойынша басқару жүйесі хандық басқаруға негізделген» [15, 11-б.]. Автор мифологеманы қолдана отыра елдегі сыбайлас жемқорлықты тоқтатуға шақырады. Сөйтіп, ол экс-әкімнің беделін арттырып қана қоймай, мүмкіндігінше өзін тәлімгер-қорғаушы ретінде сипаттайды.

Қазақстандық комментатордың Ақжайық сайтының материалдарындағы «Байбек и ПЦР-тест» деген мәтініне білдірілген түсіндірмені талдалық [16].

Ербол

«Айналайын, халқым, басыңды көтер! Елі үшін жанашитын ерлер керек істің басына, кезінде Атырауды ел етіп, бас аяғын жинап, адам қатарына қосқан жалғыз Ұлынды – Бергейді елден қуып, жала жауып, қара күйе жакқанда, бір қазақ сұрауын сұраған жоқ қалмақтан. Азаматтың сұрауы қайда? Оның қасында қотыр ешкісі жоғалса, уй аралап іздеп табатын малым жанымның садағасы деген ел емес пе едік! Осынша керемет **қой үстіне бозторғай орнайтын** жағдайды жасап кеткен, ішіннен шыққан адал перзенттің сұрауы жоқ па еді. Ердің құны қайда? Баяғыда Бөкей хан патша әскерімен айдалып бара жатырған 2 қазақты барын салып арашалап алып қалып, әр қазақтың белінде кемі он қазақ кетіп барады. Мен оны қалай бодан қылып жіберем деген атаның ұрпағы емес пе едік! Қайтарсын Бергейді елге. Елге қызмет етсін, осы жерде ұлтан болсын! Мейлі сұлтан болсын!» [16].

Ербол лақап есімді интернет-түсіндірмешінің сөзінде қазақ менталитетін бейнелейтін мифологемалар айқын көрінеді. Түсіндірмеде наным-сенім, прецеденттік есім мен аңыз көрініс табады. Автор ойын мифологемаларды қолдану арқылы жеткізеді. Ол қазақ дүниетанымының ұлттық тілдік бейнесін тек сол мәдениеттің өкіліне ғана түсінікті етіп көрсетуге талпыныс жасайды. Түсіндірмеші халықты үнемі отырмауға, бүкіл қазақ халқы армандаған жағдайларды жасауға тырысқан батырды қорғауға шақырады. Оны **«Қой үстіне бозторғай орнайтын заман»** деген халықтық наным-сенім арқылы береді. Сонымен қатар әр жігітке сұраныс болатынын, олардың ешқайсысын құлдықта қалдырмайтындығын, солай кез келген сарбазы үшін тұратынын сипаттайтын Бөкейханның әскери жорығы туралы аңыздан мысал келтіреді.

Аңғарғанымыздай, түсіндірмешінің ассоциативтік ойлауы мәтінде құндылық белгісі бар ұлттық тілдік тұлғаны қайта құруға ықпал етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын АР13068417 «Қазақ лингвомәдениетінің аксиологиялық доминанттары: дәстүр және жаңашылдық (күнделікті виртуалды қарым-қатынас материалдары негізінде)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Қысқасы, мифтерде, аңыздарда немесе діни мәтіндерде қолданылатын мифологиялық бейнелер, мотивтер, мифология элементтері – мифологемалар – бүгінгі күні ғалымдар тарапынан зерттеуге іліккен өзекті мәселелердің бірі. Жұмыста миф, мифологема жайлы қалыптасқан ой-тұжырымдар сипатталып, интернет-түсіндірмелерде кездесетін тілдік бірліктер талданды. Виртуалды кеңістіктегі, оның ішінде интернет-түсіндірмелердегі мифологиялық дискурс әлемнің ұлттық бейнесіне негізделген идеяларды қарастырады, қазақстандық виртуалды тілдік тұлғаның мәтін сөзжасамын қалыптастырады. Онда мифологема-мәтін, мифологема-мәлімдеме және мифологема-антропоним сынды мифологемалардың барлық түрі ұшырасады. Бұл қандай да болмасын ұлттың ерекшелігін көрсететін амал болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Маслова, В. А.** Когнитивная лингвистика: уч. пособие [Текст] / В.А. Маслова. – М. : ТетраСистемс, 2004. – 256 с.

2 **Хайдеггер, М.** Время картины мира / М.Хайдеггер [Текст] // Новая технократическая волна на западе. – М., 1986. – С. 93–119.

3 **Красных, В. В.** «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? [Текст] / В. В. Красных. – М. : ИТДГК «Гнозис», 2003. – 376 с.

4 **Yergaliyeva, S. Zh., Uaikhanova, M. A., Omarov, N. R., Yergaliyev, K. S., Assanbayeva, E. B, Ualiyeva, R. M.** Linguistic Representation of Value Dominants in Virtual Space : The Example of Kazakh and English Materials [Text] // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – No 11(3). – P. 87–96. – <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.705702>.

5 **Yergaliyeva, S. Zh., Anesova, A. Zh., Melnyk, N. V., Uaikhanova, M. A., Sarybayeva, B. Zh.** Linguistic-Personological Strategies and Practices of Commenting on Political Texts in Virtual Space [Text] // International Journal of Society, Culture & Language. – 2022. – No 10 (3). – P. 125–136. – <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.558154.2714>.

6 Новейший философский словарь : 3-е изд., исправл. /под. ред. А. А. Грицианова [Текст]. – Мн.: Книжный Дом, 2003. – 1280 с.

7 **Стрельник, О. Н.** Э. Кассирер о связи мифа и языка [Текст] // Вестник РУДН. – Серия: Философия. – 2004. – №1. – С. 157–175. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/e-kassirer-o-svyazi-mifa-i-yazyka> (Дата обращения: 19.09.2022).

8 **Ковтун, Е. Н.** Поэтика необычайного : Художественные миры фантастики, волшебной сказки, утопии, притчи и мифа (На материале европейской литературы первой половины XX века) [Текст] / Е. Н. Ковтун. – М. : Изд-во МГУ, 1999. – 308 с.

9 **Борисенко, Т. В.** Фантазийные мифологемы как элементы фантазийной картины мира (на примере романов Дж. К. Роулинг) [Текст] // Вестник Челябинского государственного университета. – № 4 (426). – Серия: Филология. – Вып. 116. – Челябинск, 2019. – С. 38–44.

10 **Шейгал, Е. И.** Семиотика политического дискурса [Текст]. – М. : ИТДГК «Гнозис», 2004. – 326 с.

11 **Жумагулова, В. И.** Национально-культурная специфика политических мифологем в структуре языковой личности казахстанского политика [Текст] // Вестник Омского государственного университета. – № 1. – Омск, 2007. – С. 67–73.

12 Бергей Рыскалиев и Макс Бокаев попали в отчёт госдепа США [Электронный ресурс]. – <https://azh.kz/ru/news/view/75559>

13 Махамбет Өтемісұлының «Бағаналы терек» өлеңі [Электронды мәтін] <https://bilim-all.kz/article/14209>

14 Шәкірт ойы [Электронды ресурс]. – <https://bilim-all.kz/olen/919-SHakirt-oiy>

15 **Байшемиров, А. М.** Свод законов в казахской степи / А. М. Байшемиров, А. О. Осербаяева. – Текст: непосредственный // Юный ученый. – 2020. – № 2 (32). – С. 10–13. [Электронный ресурс]. – URL: <https://moluch.ru/young/archive/32/1873/> (Дата обращения: 21.09.2022).

16 Байбек и ПЦР-тест [Электронный ресурс]. – <https://azh.kz/ru/news/view/73205>

References

1 **Maslova, V. A.** Kognitivnaya lingvistika : uchebnoe posobie [Cognitive linguistics : textbook] [Text]. – Moscow : TetraSystems, 2004. – 256 p.

2 **Heidegger, M.** Vremya kartiny` mira [Time of painting the world] [Text]. New technocratic wave in the west. – Moscow, 1986. – P. 93–119.

3 **Krasnykh, V. V.** «Svoj» sredi «chuzhix»: mif ili real'nost'? [«Svoy» among «foreign»: myth or reality?] [Text]. – Moscow : ITDГK «Gnosis», 2003. – 376 p.

4 **Yergaliyeva, S. Zh., Uaikhanova, M. A., Omarov, N. R., Yergaliyev, K. S., Assanbayeva, E. B., Ualiyeva, R. M.** Linguistic Representation of Value Dominants in Virtual Space : The Example of Kazakh and English Materials [Text] // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – No 11(3). – P. 87–96. – <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.705702>.

5 **Yergaliyeva, S. Zh., Anesova, A. Zh., Melnyk, N. V., Uaikhanova, M. A., Sarybayeva, B. Zh.** Linguistic-Personological Strategies and Practices of Commenting on Political Texts in Virtual Space [Text] // International Journal of Society, Culture & Language. – 2022. – No 10 (3). – P. 125–136. – <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2022.558154.2714>.

6 Novejshij filosofskij slovar' : 3-e izd., ispravl. / pod. red. A. A. Gricianova [The newest philosophical dictionary : 3rd ed., corrected. /sub. ed. A. A. Gricianova] [Text]. – Mn.: Book House, 2003. – 1280 p.

7 **Strelnik, O. N.** E'. Kassirer o svyazi mifa i yazy'ka [E. Cashiers about communication myth and language] [Text] // Vestnik RUDN. – Series: Philosophy. – No 1. – 2004. – P. 157–175. [Electronic resource]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/e-kassirer-o-svyazi-mifa-i-yazyka> (Access date 19.09.2022).

8 **Kovtun, E. N.** Poe'tika neoby'chajnogo: Xudozhestvenny'e miry' fantastiki, volshebnoj skazki, utopii, pritchi i mifa (Na materiale evropejskoj literatury' pervoj poloviny' XX veka) [Poetics of the extraordinary: artistic worlds of fantasy, fairy tales, utopias, parables and myths (On the material of European literature of the first half of the XX century)] [Text]. – Moscow : MGU, 1999. – 308 p.

9 **Borisenko, T. V.** Fantazijn'y'e mifologemy' kak e'lementy' fantazijn'oj kartiny' mira (na primere romanov Dzh. K. Rouling) [Fantasy mythologies as elements of a fantasy picture of the world (on the example of J. K. Rowling's novels)] [Text] // Bulletin of the Chelyabinsk State University. – No. 4 (426). – Series: Philology. – Issue 116. – Chelyabinsk, 2019. – P. 38–44.

10 **Sheygal, E. I.** Semiotika politicheskogo diskursa [Semiotics to political discourse] [Text]. – Moscow : ITDGG «Gnosis», 2004. – 326 p.

11 **Zhumagulova, V. I.** Nacional'no-kul'turnaya specifika politicheskix mifologem v strukture yazy'kovoj lichnosti kazaxstanskogo politika [National-cultural specifics of political mythologies in the structure of the language personality of the Kazakh politician] [Text] // Bulletin of the Omsk State University. – No. 1. – Omsk, 2007. – P. 67–73.

12 Bergej Ry'skaliev i Maks Bokaev popali v otchyot gosdepa SShA [Bergej Ryskaliev and Max Bokaev were included in the US State Department report] [Electronic resource]. – <https://azh.kz/ru/news/view/75559>.

13 Mahambet Otemisulynyn «Baganaly terek» oleni [Makhambet Utemisov's poem «Baganaly terek»] [Electronic resource]. – <https://bilim-all.kz/article/14209>.

14 Shakirt o'jy [Student thought] [Electronic resource]. – <https://bilim-all.kz/olen/919-SHakirt-ojy>.

15 **Bayshemirov, A. M.** Svod zakonov v kazahskoj stepi [Code of laws in the Kazakh steppe] // Young student. – 2020. – No. 2 (32). – P. 10–13. [Electronic resource]. – URL: <https://moluch.ru/young/archive/32/1873/> (Access date 21.09.2022).

16 Bajbek i PCR-test [Bayback and PCR test] [Electronic resource]. – <https://azh.kz/ru/news/view/73205>.

26.04.23 ж. баспаға түсті.

25.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. Ж. Ергалиева¹, Е. Б. Асанбаева¹, К. С. Ергалиев²

¹Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 26.04.23.

Поступило с исправлениями 25.01.24.

Принято в печать 03.06.24.

РОЛЬ МИФОЛОГЕМ В ОТРАЖЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ОСОБЕННОСТИ ИНТЕРНЕТ-КОММЕНТАРИЕВ

В статье анализируются мифологемы – одна из лингвокультурных единиц, отражающая национальную особенность казахстанских интернет-комментариев, размещенных в виртуальном пространстве. Мифологема – это мифологические образы, мотивы, элементы мифологии, используемые в мифах, легендах или религиозных текстах. Сегодня в произведениях носителей языка в виртуальном пространстве обычным явлением является появление типов мифологем как мифологемы-текста, мифологемы-высказывания и мифологемы-антропонимы, то есть, когда обычные интернет-коммуникаторы комментируют какую-то статью, они часто используют исторические легенды, широко известные публике, слова, произведения прецедентных имен (исторических деятелей, культурных и общественных деятелей) и т. д. Помимо показа их мировоззрения и фоновое знание, он также предоставляет информацию об истории, литературной и культурной жизни нации.

Цель исследования – описать понятия и концепты о мифе в современной лингвистике и изучить мифологемы, демонстрирующие национальную особенность интернет-комментариев. В процессе написания произведения используются методы описания, повествования, элементы методик лингвокультурологического анализа. Они раскрывают смысл мифологических сюжетов и образов, распространенных в определенной народной культуре, создают возможность определить их своеобразие, дифференцируют их функции. В результате исследования делается вывод, что «мифологический дискурс рассматривает идеи, основанные на национальном образе мира, формирует текстопорождение казахской виртуальной языковой личности».

Ключевые слова: мифологема, мифологема-текст, мифологема-высказывание, интернет-комментарий, картина мира, прецедентный феномен.

*S. Zh. Yergaliyeva¹, Y. B. Asanbayeva¹, K. S. Yergaliyev²

¹Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²A. Margulan Pavlodar Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Received 26.04.23.

Received in revised form 25.01.24.

Accepted for publication 03.06.24.

THE ROLE OF MYTHOLOGEMS IN REFLECTING THE NATIONAL PECULIARITY OF INTERNET COMMENTS

In the article, mythologems are analyzed – one of the linguistic and cultural units that reflect the national peculiarity of Kazakhstani political Internet comments posted in the virtual space. A mythologeme is a mythological image, motif, mythological elements used in myths, legends or religious texts. Today, in the works of native speakers in the virtual space, the appearance of types of mythologems such as mythologeme-text, mythologeme-speech and mythologeme-anthroponym is a common phenomenon, that is, when ordinary Internet communicators comment on some article, they often use historical legends, widely known public, words, works with precedent names (historical figures, cultural and public figures), etc. d. In addition to showing their worldview and background knowledge, it also provides information about the history, literary and cultural life of the nation.

The purpose of the research is to describe the notions and concepts of myth in modern linguistics and to study mythologies that demonstrate the national specificity of Internet comments. In the process of writing the work, methods of description, narration, and elements of methodological linguistic and cultural analysis are used. They reveal the meaning of mythological plots and images, widespread in a certain national culture, create an opportunity to determine their uniqueness, differentiate their functions. As a result of the research, the conclusion is made that «mythological discourse considers ideas based on the national image of the world, forms the text generation of the Kazakh virtual language personality».

Keywords: mythologeme, mythologeme-text, mythologeme-utterance, Internet commentary, worldview, precedent phenomenon.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz